

**6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Даникеева Айгүль Бакытжановнаның «Қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуы» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына ғылыми көзесшісінің**

## **ПІКІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Қазіргі Қазақстандық білім беру жүйесін даму бағыт-бағдары - әлемдік және еуропалық педагогикалық жүйесінің үйлесімділігін қарастыра отырып, оны басшылыққа алуда өзіндік бейнесі бар отандық білім беруді дамыту болып табылады. Осы негізден педагог мамандарды даярлау ісінде мемлекетіміздегі жалпы орта білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие үдерісін жаңаша көзқарас тұрғысына ұйымдастырып жүргізуге бейім заманауи мұғалімдерді даярлау ісі басты мәселе ретінде орын алуы заңдылық.

Қазіргі мұғалімнің педагогтық кәсіби еңбегінің міндеттері мен мақсаты, мазмұны және қоғамдағы алатын орнын нақты анықтау мен бағалау басты мәселеге айналып отыр. Педагогикалық қызметтің заманауи талаптарға сәйкес келуімен қазіргі білім алушы оқушылардың талаптық сұраныстарын қанағаттандыру ісіне жауп бере алатын және кәсіби әлеуеті толық бекіген мұғалімдердің болуын қоғам талап етуде. Себебі, ол әртүрлі қабілеті мен бейімділігі, қызығушылығы, мінез-құлқы, әдеп-ғұрпы, түсінігі мен көзқарасы әр деңгейдегі оқушылардың оқу-танымдық және тәрбие жұмыстарымен айналысатын тұлға. Оқушылардың әркайсысының өзіндік жекелеген ерекшелігін дамытады, ынтымақты, тату жарасымды ұжымдық қатынасқа түсе отырып, оларды болашаққа бейімдеп, баулып тәрбиелейді. Эр жеке оқушыға тұлға деп кәсіби көзқараспен қарап, оның даму үдерісіне кәсіби маман ретінде педагогикалық ықпал жасауға оның әлеуеттік мүмкіндігінің болуы қазіргі басы мәселеге айналып отыр. Сондықтан қазіргі заман мұғалімі қызметінлегі ең басты ерекшеліктің бірі – кәсіби әлеуетінің жоғары болуы. Педагог еңбегінің негізгі объектісі әрі субъектісі де оқушы және оның оқу-танымдық арқылы зияткерлігінің дамуын, тәрбиесінің толық болуын қамтамасыз ету болып табылатындықтан диссертанттың зерттеу жұмысының тақырыбы осы бағытқа арналғандықтан көкейкесті болып табылады.

Диссертациялық зерттеу жұмысында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуына байланысты отандық және шетелдік ғалымдар: Тұрғынбаева Б.А., Калматаева А.М., Бурина Е.И. және т.б., Ресейлік ғалымдар А.М.Боднар, Божинская Т.Л., Киселева О.О., Костылева А.А., т.б. болашақ педагог мамандарды кәсіби қызметке даярлау үдерісінің психологиялық-педагогикалық негіздеріне Қонақбаева Ұ.Ж., Ахметова Г.К., Молдабекова М.С., Джанбубекова М.З., Хмель Н.Д., Сайлыбаев Б., Каргин С.Т., Хурло Л. т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектерін жан-жақты

қарастырылып, талдаулар жасалынған. Және осы негізден қазіргі білім беру мазмұны жағдайында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің даму мәселесін жаңашыл теориялық және ғылыми-әдістемелік түрғыдан қарауына, зерттеу жұмысының өзектілігіне негіз болды деп айтуға болады. Демек, А.Б. Даникееваның білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің даму мәселесін жаңаша қарастыруға негіз болған көкейкестілігін анықтап береді.

## **2. Нәтижелердің дұрыстығы мен негізделу деңгейі**

Ізденуші А.Б. Даникееваның диссертациялық зерттеу жұмысын орындауда қол жеткізген ғылыми нәтижелері:

Біріншіден, педагогтың кәсіби әлеуетінің әдіснамалық, теориялық негіздерін қазіргі ғылыми көзқарас түрғысынан негізделгендейімен;

Екіншіден, қазіргі ЖОО-да болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін дамытудың педагогикалық шарттарын анықтап, моделін жасалғандығымен;

Үшіншіден, болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың ғылыми-педагогикалық және әдістемелік түрғыдан жүйелеп, негізделгендейімен;

Төртіншіден, болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамыту бағытындағы жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар және олардың нәтижелерінің негізделуімен.

## **3. Нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы**

Диссертациялық жұмыстың әдіснамалық, теориялық жүйесінің түжірымдық дұрыстығы - қазіргі ғылыми көзқарас түрғысынан ашылуында ақиқатқа жақын және болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамыту бағытындағы жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар зерттеу жұмысының ғылыми-әдістемелік түрғыдан негізделуіне және оның өзара ішкі бірлігін беріп, маңыздылығын анықтап берген. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері теориялық және практикалық мүмкіндігін мұғалім мамандығы бойынша ЖОО-да даярланатын студенттерге және біліктілікті арттыру мен жетілдіру инситуттарында оқытылатын курсарда пайдалануға болады.

## **4. Диссертациялық жұмыстың жаңалығы.**

- Педагог қызметі кәсіби әлеуетінің мазмұны және оған қойылатын қазіргі кездегі талаптарды талда арқылы құрылымдық жүйесін теориялық түрғыда негіздең, диссертант жеке авторлық анықтамасын беруінде;

- Қазіргі білім беру мазмұны жағдайында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамытуға арналған «Педагог әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың теориясы мен әдістемесі» тақырыбында элективті курсты енгізу мен моделін ұсынуында;

- Болашақ мұғалімнің кәсіби әлеуетінің қалыптасуы мен дамуының ғылыми-әдістемелік түрғыдан жолдарын ашып бергендейінде;

- Қазіргі ЖОО-да білім беру мазмұны жағдайында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру оның мазмұндық құрылымына негіз болатын құрамалардың негізделуін анықтап, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізу арқылы дәлелдегендігінде.

## **5. Диссертацияның мазмұны мен рәсімдеу бойынша кемшіліктер.**

Диссертациялық жұмыста зерттеу нысанына қатысты теориялық және әдістемелік мәселелер толық қамтылған және зерттеу жұмысына қойылатын барлық талаптар орындалып, сақталып жазылған ғылыми жұмыс. Ғылыми мазмұндылығы мен техникалық талаптарды толық сақтаған.

## **6. Диссертацияның ғылыми білікті жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкестігі.**

А.Б. Даникееваның «Қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуы» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысын зерттеудің қөкейкестілігінің ғылыми-теориялық және әдістемелік мәселелерін айқындаумен, болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуы моделін ұсынып, зерттеудегі басты идеяның берік болуын тәжірибелік жолмен негіздел беруінде.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда және ғылыми басылымдарда талқыланды. Зерттеу барысында 11 еңбек жарық көрді. Соның ішінде 1-еүі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, 3 мақала ҚР БЖФМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 7 мақала ҚР ұйымдастырылған және халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарық көрген.

## **7. Диссертацияны қорғауға жіберу (немесе жібермеу) туралы ұсыныс.**

Даникеева Айгуль Бакытжановнаның 6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуы» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы дербес орындалған, толығымен аяқталған, диссертациялық ғылыми жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес жазылған жұмыс деп корытынды жасаймын. Ал, Даникеева Айгуль Бакытжановнаны 6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

**Отандық ғылыми кеңесшісі,**

**п.ғ.д., профессор**

**I. Жансүгіров атындағы**

**Жетісу университеті**



**К.Т. Ыбыраимжанов**

